



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

*2020 жылдың 29 сәуір*

№ 249

**«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті»  
коммерциялық емес акционерлік қоғамын құру туралы**

«Акционерлік қоғамдар туралы» 2003 жылғы 13 мамырдағы, «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының заңдарына, «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі жоғары оқу орындарының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 11 қазандағы № 752 қаулысына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 4 қарашадағы № № 4257-01-1181016-2 хатына сәйкес және «MARKET-Консалтинг» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі дайындаған «Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының таза активінің нарықтық құнын бағалау туралы 2019 жылғы 23 желтоқсандағы № 000560 есептің негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі - Кәсіпорын) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қайта құру жолымен жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын «Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Қоғам) болып қайта ұйымдастырылсын.

2. Қоғам осы бұйрықтың 1-тармағында көрсетілген қайта ұйымдастырылатын Кәсіпорынның барлық кредиторлары мен борышкерлеріне қатысты осы бұйрықпен бекітілген табыстау актісіне сәйкес олардың барлық мүліктік, қаржылық және өзге де құқықтары мен міндеттемелерінің, қайта ұйымдастырылатын Кәсіпорынның және/немесе үшінші тұлғалардың даулы міндеттемелерін қоса алғанда, құқықтық мирасқоры болып табылады.

3. Мыналар:

1) 2 799 519 (екі миллион жеті жүз тоқсан тоғыз мың бес жүз он тоғыз) дана жай акцияны құрайтын Қоғамның жарияланған акцияларының саны;

2) 2 799 519 000 (екі миллиард жеті жүз тоқсан тоғыз миллион бес жүз он тоғыз мың) теңге мөлшерінде жалғыз құрылтайшы төлейтін Қоғамның жарғылық капиталы;

3) Қоғамның бір акциясының номиналды құны 1 000 (бір мың) теңге мөлшерінде белгіленсін.

4. Қоғамның тіркеушісі етіп «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» акционерлік қоғамы сайлансын.

5. Жандос Төлеубекұлы Мұқаев (бұдан әрі – Уәкілетті тұлға):

1) Қазақстан Республикасының әділет органдарында мемлекеттік тіркеу үшін Қоғамның атынан құжаттарға қол қоюға;

2) Қоғамның органдары құрылғанға дейін Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметін жүзеге асыруға және үшінші тұлғалардың алдында оның мүдделерін білдіруге уәкілетті тұлға болып сайлансын.

6. Уәкілетті тұлға заңнамаға сәйкес Қоғам мемлекеттік тіркелген күннен бастап 30 (отыз) күннің ішінде оның атынан:

1) Қоғамның тіркеушісімен акциялар ұстаушылардың тізілімін қалыптастыру, жүргізу және сақтау бойынша қызметтерді көрсету туралы шарт жасассын;

2) уәкілетті органда Қоғамның жарияланған акцияларының шығарылымын мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін;

3) осы бұйрықтан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

7. Қоса беріліп отырған:

1) Қоғамның Жарғысы;

2) Табыстау актісі;

3) Қоғам акцияларды сатып алған кезде, олардың құнын айқындау әдістемесі бекітілсін.

8. Осы бұйрық Қоғамның жалғыз құрылтайшысының хаттамалық шешімі болып табылады және кол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Төраға



Б. Тәшенов



БҮЙРЫҚ

ПРИКАЗ

*29 апреля 2020 года*

№ 249

**О создании некоммерческого акционерного общества  
«Университет имени Шакарима города Семей»**

В соответствии с законами Республики Казахстан от 13 мая 2003 года «Об акционерных обществах», от 1 марта 2011 года «О государственном имуществе», постановлением Правительства Республики Казахстан от 11 октября 2019 года № 752 «О некоторых вопросах высших учебных заведений Министерства образования и науки Республики Казахстан», письмом Министерства образования и науки Республики Казахстан от 4 ноября 2019 года № 4257-01-1181016-2 и на основании Отчета об оценке рыночной стоимости собственного капитала республиканского государственного предприятия на праве хозяйственного ведения «Государственный университет имени Шакарима города Семей» от 23 декабря 2019 года № 000560, подготовленного товариществом с ограниченной ответственностью «MARKET-Консалтинг», **ПРИКАЗЫВАЮ:**

1. Реорганизовать республиканское государственное предприятие на праве хозяйственного ведения «Государственный университет имени Шакарима города Семей» Министерства образования и науки Республики Казахстан (далее - Предприятие) путем преобразования в установленном законодательством Республики Казахстан порядке в некоммерческое акционерное общество «Университет имени Шакарима города Семей» (далее - Общество) со стопроцентным участием государства в уставном капитале.

2. Общество является правопреемником всех имущественных, финансовых и иных прав и обязательств реорганизуемого Предприятия, указанного в пункте 1 настоящего приказа, в отношении всех его кредиторов и должников, включая обязательства, оспариваемые реорганизуемым Предприятием и/или третьими лицами, в соответствии с передаточным актом, утвержденным настоящим приказом.

3. Установить:

1) количество объявленных акций Общества, составляющее 2 799 519 (два миллиона семьсот девяносто девять тысяч пятьсот девятнадцать) штук простых акций;

2) уставный капитал Общества, оплачиваемый единственным учредителем, в размере 2 799 519 000 (два миллиарда семьсот девяносто девять миллионов пятьсот девятнадцать тысяч) тенге;

3) номинальную стоимость одной акций Общества в размере 1000 (одна тысяча) тенге.

4. Избрать регистратором Общества акционерное общество «Центральный депозитарий ценных бумаг».

5. Избрать Мукаева Жандоса Толеубековича (далее – Уполномоченное лицо) лицом, уполномоченным на:

1) подписание от имени Общества документов для государственной регистрации в органах юстиции Республики Казахстан;

2) осуществление финансово-хозяйственной деятельности Общества и представление его интересов перед третьими лицами до образования органов Общества.

6. Уполномоченному лицу в соответствии с законодательством, в течение 30 (тридцати) дней со дня государственной регистрации Общества, от его имени:

1) заключить договор об оказании услуг по формированию, ведению и хранению реестра держателей акций с регистратором Общества;

2) обеспечить государственную регистрацию выпуска объявленных акций Общества в уполномоченном органе.

3) принять иные меры, вытекающие из настоящего приказа.

7. Утвердить прилагаемые:

1) Устав Общества;

2) Передаточный акт;

3) Методику определения стоимости акций при их выкупе Обществом.

8. Настоящий приказ является протокольным решением единственного учредителя Общества и вступает в силу со дня подписания.

**Председатель**



**Б. Ташенев**